

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті
2021 жылғы «14» ақпан
№ 14-НҚ Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасы
2021 жылғы «15» ақпан
№ 19 Орал қаласы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

«Батыс су арнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2016-2020 жылдарға арналған суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру, тазарту қызметтеріне инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушының 2015 жылғы 2 қыркүйектегі №177-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (іс-шаралардың орындалу мерзімін 2021 жылға ауыстыру)

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 8-бабының, 14-тармақшасына, 9-бабының, 2-тармақшасына және 21-бабының, 8-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген «Тарифтердің қалыптасуы туралы» Ережесінің 365 тармағын басшылыққа алып **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің 2015 жылғы 2 қыркүйектегі №177-НҚ бұйрығының 1 тармағына келесідей өзгерістер енгізілсін:

«Батыс су арнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің инвестициялық бағдарламаларының іс-шараларының орындалу мерзімі 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін ауыстырылсын:

суды таратушы желілер арқылы беру қызметтері бойынша:

- «ЭКЕАЖ құрылысы және іске қосу-жөндеу жұмыстары».

сарқынды суды бұру, тазарту қызметтері бойынша:

- «1-КСС ғимаратын қайта құру ЖСҚ әзірлеу»;

- «2-КСС ғимаратын қайта құру ЖСҚ әзірлеу»;

- «3-КСС ғимаратын қайта құру ЖСҚ әзірлеу»;

“ - «ЭКЕАЖ құрылысы және іске қосу-баптау жұмыстары».


2. Ұйымдастырушылық жұмыс бөлімі (А. Рахимова) осы бұйрықты «Батыс су арнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.



3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы А.А. Отаровқа және Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы А.М. Габидуллинге жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылуға тиісті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі Табиғи
монополияларды реттеу комитеті Батыс
Қазақстан облысы бойынша
департаментінің басшысы

Батыс Қазақстан облысының
энергетика және тұрғын үй –
коммуналдық шаруашылық
басқармасының басшысы

 А.А. Отаров



 А.М. Габидуллин